

Сапа менеджменті жүйесі
Академиялық кеңес туралы
ереже



«С.СЕЙФУЛЛИН АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ
АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»
КеАҚ

СМЖ АҚЕ 02.2068 - 2021 15 беттің 1 1-нұсқа

«Бекітілді»
Басқарма төрағасының
10.08.2021ж. № 449-Н
бұйрығымен

САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

АКАДЕМИЯЛЫҚ КЕҢЕС ТУРАЛЫ

ЕРЕЖЕ

СМЖ АҚЕ 02.2068 - 2021

Дана _____

Көшірме _____

НҮР-СҰЛТАН 2021

Сапа менеджменті жүйесі Академиялық кеңес туралы ереже	 SAKEN SEIFULLIN UNIVERSITY	«С.СЕЙФУЛЛИН АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
СМЖ АҚЕ 02.2068 - 2021 15 беттің 2 1-нұсқа		

Алғысөз

1 Академиялық мәселелер жөніндегі департаментімен ӘЗІРЛЕНДІ жұмыс тобының (ЖТ) атауы

2 Басқарма Төрағасының 10.08. 2021ж. № 449-Н бұйрығымен (лауазымды тұлға, бекітетін құжат) (бекітуші ұйымдық-өкімдік құжаттың атауы, күні және нөмірі) **БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ**

3 ӘЗІРЛЕУШІЛЕР:

- Академиялық мәселелер жөніндегі департаменттің директоры, п.ғ.д., профессор – Қ.А.Сарбасова
ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, аты-жөні
- Академиялық мәселелер жөніндегі департаментінің бас менеджері, т.ғ.к., қауымд. профессор м.а. – А.Ш.Имашева
ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, аты-жөні

4 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ **ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ**

2026 ж.
5 жыл

Осы ереже «С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті»
КеАҚ Басқарма төрағасының рұқсатынсыз толық немесе ішінара қайта
шығарылмайды, көбейтілмейді және таратылмайды.

Сапа менеджменті жүйесі Академиялық кеңес туралы ереже	 SAKEN SEIFULLIN UNIVERSITY	«С.СЕЙФУЛЛИН АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
СМЖ АҚЕ 02.2068 - 2021 15 беттің 3 1-нұсқа		

Мазмұны

1	Қолдану саласы	4
2	Нормативтік сілтемелер	4
3	Анықтамалар	5
4	Белгілер мен қысқартулар	5
5	Жауапкершілік және өкілеттіктер	5
6	Жалпы ережелер	6
7	Академиялық кеңестің қызметін қалыптастыру тәртібі	7
8	Өзгерістер енгізу тәртібі	10
9	Сақтау және тарату	11
	А қосымшасы Академиялық кеңес жұмысының құрылымдық сызбасы	12
	Б қосымшасы Келісу парағы	13
	В қосымшасы Танысу парағы	14
	Г қосымшасы Өзгерістерді тіркеу парағы	15

Сапа менеджменті жүйесі Академиялық кеңес туралы ереже	 SAKEN SEIFULLIN UNIVERSITY	«С.СЕЙФУЛЛИН АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
СМЖ АҚЕ 02.2068 - 2021 15 беттің 4 1-нұсқа		

1 Қолданылу саласы

Академиялық Кеңес туралы осы ереже (бұдан әрі – АҚЕ) студентке бағытталған оқытуды жүзеге асыруға және білім сапасын арттыруға бағытталған оқу үдерісін тиімді ұйымдастыру бойынша жалпы басшылықты қамтамасыз ете отырып, Кеңестің ұйымдық құрылымының мәртебесін, функционалдық міндеттерін, өкілеттіктерін (құқықтарын) және жауапкершілігін әкімшілік-құқықтық бекіту жөніндегі талаптарды белгілейді.

Осы АҚЕ-ні бөлімшелердің барлық қызметкерлері өз жұмысында басшылыққа алуға міндетті.

Ереже «Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» КеАҚ (бұдан әрі «С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ») сапа менеджменті жүйесі құжаттамасының жиынтығына кіреді.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы ережеде келесі нормативтік құжаттарға жасалған сілтемелер пайдаланылған:

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы конституциясы.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» №319-III Заңы.

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы «Ғылым туралы» № 407-IV Заңы.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Еңбек кодексі.

Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-XIII Азаматтық кодексі.

«С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» КеАҚ Жарғысы;

СМЖ ҰС 02.2007-2020 Білім стандарты. Білім алушылардың білімін бақылау және қорытынды аттестациясы;

МС ХСҰ 9000:2005 Сапа менеджменті жүйелері. Негізгі ережелер және сөздік.

МС ХСҰ 9001:2015 Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар.

ҰС СМЖ 01.1011-2020 Сапа менеджменті жүйесі. Ұйым стандарты. Сапа менеджменті жүйесінің құжаттамасын құруға, ұсынуға және ресімдеуге қойылатын жалпы талаптар

ҚР SMK 01.1006-2020 Сапа менеджменті жүйесі. Құжатталған рәсім. Құжат айналымы.

Сапа менеджменті жүйесі Академиялық кеңес туралы ереже	 SAKEN SEIFULLIN UNIVERSITY	«С.СЕЙФУЛЛИН АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
СМЖ АҚЕ 02.2068 - 2021 15 беттің 5 1-нұсқа		

ҚР СМЖ 01.1007-2020 Сапа менеджменті жүйесі. Құжатталған рәсім.
Құжаттаманы басқару.

3 Анықтамалар

3.1 Осы Ережеде ИСО 9001: 2005 МЖ сәйкес белгіленген терминдер мен анықтамалар қолданылады.

Оларға қосымша осы Ереженің 3.2-3.4-тармақтарында мынадай терминдер мен олардың анықтамалары белгіленген:

3.2 Әзірлеуші бөлімше: құжатты әзірлеуші болып табылатын бөлімше– Академиялық мәселелер жөніндегі департамент –білім беру процесін басқару және үйлестіру жүйесіндегі университеттің құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

3.3 Академиялық кеңес – С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің Жарғысына, академиялық Кеңес туралы Ережесіне және ішкі құжаттарына сәйкес білім беру мен оқытуға, академиялық сапаны қамтамасыз етуге, академиялық басқару мен профессорлық-оқытушылық құрамды басқаруға қатысты барлық академиялық мәселелер бойынша саясатты қалыптастыратын алқалы кеңесші орган.

3.4 Білім беру бағдарламасы – оқытудың мақсатын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды, оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының бірыңғай кешені.

4 Белгілер мен қысқартулар

Осы Ережеде мынадай қысқартулар қолданылады:

- «С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ» КеАҚ – «Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» КеАҚ;
- ББ–білім беру бағдарламасы;
- ҰС–ұйым стандарты;
- СБӨ–сапа жөніндегі басшылықтың өкілі;
- СМЖ–сапа менеджменті жүйесі;
- АҚЕ–Академиялық Кеңес туралы ереже;
- АҚ–Академиялық кеңес;
- ПОҚ – профессорлық оқытушы құрам;
- ЖОО – жоғары оқу орны;
- АМД–Академиялық мәселелер жөніндегі департамент;
- КДСД - Корпоративтік даму және стратегия департаменті.

Сапа менеджменті жүйесі Академиялық кеңес туралы ереже	 SAKEN SEIFULLIN UNIVERSITY	«С.СЕЙФУЛЛИН АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
СМЖ АҚЕ 02.2068 - 2021 15 беттің 6 1-нұсқа		

5 Жауапкершілік және өкілеттіктер

5.1 Осы АҚЕ «С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ» КеАҚ Басқарма төрағасының бұйрығымен бекітіледі.

5.2 Академиялық Кеңес туралы ережені әзірлеуге, оны келісуге, бекітуге, тіркеуге, қолданысқа енгізуге жауапкершілік пен өкілеттік былайша бөлінеді:

- АҚЕ әзірлеуге, атап айтқанда оның мазмұнына, құрылымына Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры жауапты болады.

- АҚЕ Сапа жөніндегі басшылық өкілімен (бұдан әрі СБӨ), академиялық мәселелер жөніндегі департамент директорымен (бұдан әрі –АМД), АМД бас менеджері, құқықтық қамтамасыз ету департаментінің директорымен (бұдан әрі ҚҚД) келісілуі тиіс және «Келісу парағында» (В қосымшасы) рәсімделеді.

- АҚЕ жобасының соңғы редакциясы туралы шешімді СБӨ қабылдайды.

- Академиялық кеңестің хатшысы АҚЕ жобасын КДСД-ға тіркеуге береді, АҚЕ түпнұсқасын рәсімдейді, келісуші қолдарды жинайды;

- КДСД осы Ережені қолданысқа енгізу туралы бұйрық дайындайды, оны Басқарма төрағасы бекітеді.

- Бекітілген АҚЕ-ні бөлімшенің тиісті қызметкерлерінің назарына жеткізуге бөлімше басшысы жауапты болады. Танысу туралы жазба «Танысу парағында» (Г қосымшасы) рәсімделеді.

6 Жалпы ережелер

6.1 Осы «С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ» КеАҚ Академиялық кеңесі туралы ереже «С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ» КеАҚ Академиялық кеңесінің мақсаттарын, міндеттерін, құрамын және жұмыс тәртібін анықтайды.

6.2 Академиялық кеңестің қызметі оның құзыретіне кіретін мәселелерді ұжымдық талқылаудың жариялылығына негізделеді.

6.3 Академиялық кеңестің құзыретіне жататындар:

1) жаңа білім беру бағдарламаларын (бұдан әрі – ББ) талқылау және одан әрі Ғылыми кеңесте бекіту үшін ұсынымдар әзірлеу;

2) ББ мерзімді бағалау негізінде қолданыстағы білім беру бағдарламаларын өзектендіру мақсатында ББ-ға өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша шешім қабылдау;

3) университеттің даму стратегиясымен анықталған оқу-әдістемелік жұмыстың басым бағыттарын жүзеге асыру. «С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ» КеАҚ оқу-әдістемелік жұмысының жалпы принциптерін, бағыттарын, стратегиясын және болашағын анықтау;

4) «С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ» КеАҚ Академиялық кеңесінің

Сапа менеджменті жүйесі Академиялық кеңес туралы ереже	 SAKEN SEIFULLIN UNIVERSITY	«С.СЕЙФУЛЛИН АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
СМЖ АҚЕ 02.2068 - 2021 15 беттің 7 1-нұсқа		

жоспарын қарастыру және бекіту;

5) академиялық сапаны қамтамасыз ету жүйесін құру, жетілдіру жөніндегі ішкі құжаттарды талқылау және бекіту және оның іске асырылуына бақылауды жүзеге асыру;

6) университеттегі оқу-әдістемелік жұмысты оңтайландыруға және оқу процесін ұйымдастыруды жетілдіруге бағытталған бірыңғай әдістемелік нұсқауларды, ұсынымдарды қарау және келісу;

7) оқу-әдістемелік кешендер сапасының өлшемшарттарын және оқу-әдістемелік материалдарды жасау бойынша ұсынымдарды әзірлеу;

8) оқу жоспарлары пәндерінің және пәнаралық байланыстардың көлемін, тізбесін және мазмұнын талдау және ББ оқу жоспарларының жоспарланған дамуын ескере отырып, оқу жоспарларының мазмұнын жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу;

9) ББ-ны оқу-әдістемелік әдебиетпен қамтамасыз ету қажеттілігін анықтау. Оқу-әдістемелік әдебиетті басып шығарудың перспективалық және ағымдағы жоспарларын талқылау және бекіту. Оқу-әдістемелік материалдардың қолжазбаларын қарау және талқылау және оларды «С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ» КеАҚ Ғылыми кеңесінің бекітуіне ұсыну.

10) академиялық тәртіп бұзушылықтардың стандарттары мен анықтамаларын әзірлеу және бекіту;

11) академиялық тәртіп бұзушылықтар үшін білім алушыларға, профессорлық-оқытушылық құрамға және өзге де академиялық персоналға тәртіптік жаза қолдану стандарттары мен тәртібін әзірлеу және оларды басқарма төрағасына бекітуге ұсыну;

12) Академиялық кеңес туралы ережеге және «С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ» КеАҚ ішкі құжаттарына сәйкес университеттің академиялық қызметіне байланысты өзге де іс-әрекеттерді жүзеге асыру.

7 Академиялық кеңестің жұмысы мен қызметін қалыптастыру тәртібі

7.1 Академиялық кеңес Басқарма төрағасының бұйрығымен құрылады.

7.2 Университеттің Академиялық кеңесінің жұмысын тікелей басқаруды Басқарма төрағасының Академиялық қызмет жөніндегі орынбасары –«С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ» КеАҚ ректоры –«С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ» КеАҚ Академиялық кеңесінің төрағасы жүзеге асырады.

7.3 «С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ» КеАҚ Академиялық кеңес төрағасының орынбасары Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры болып табылады. Төраға болмаған жағдайда оның міндеттерін орынбасары атқарады.

Сапа менеджменті жүйесі Академиялық кеңес туралы ереже	 SAKEN SEIFULLIN UNIVERSITY	«С.СЕЙФУЛЛИН АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
СМЖ АҚЕ 02.2068 - 2021 15 беттің 8 1-нұсқа		

Төраға академиялық кеңестің жұмысын Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Ережеге сәйкес ұйымдастырады және оның қызметін қамтамасыз етеді.

7.4 Академиялық кеңестегі ұйымдастыру және техникалық жұмысты хатшы орындайды. Хатшы Кеңес отырыстарына материалдар дайындауды қамтамасыз етеді, отырыстардың хаттамаларын жүргізеді.

7.5 Академиялық кеңес академиялық комитеттерден тұрады: академиялық сапа жөніндегі комитет, оқу-әдістемелік комитет, Академиялық адалдық жөніндегі комитет, Ақпараттық технологиялар жөніндегі комитет. С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ Академиялық кеңесінің жұмыс істеуінің құрылымдық сызбасы А қосымшасында ұсынылған.

Комитеттердің жұмысы қажеттілігіне қарай жүзеге асырылады.

7.6 Академиялық комитеттердің құрамына АМД директорының орынбасары, АМД бас менеджерлері, кафедра меңгерушілері, профессор-оқытушылар құрамы, ЖОО-ның студенттік ұйымдарының өкілдері, жұмыс берушілер және ЖОО-ның өткен жылдардағы түлектері кіре алады.

7.7 Комитет мүшелері ПОҚ, білім алушылар, жұмыс берушілер және түлектер қатарынан олардың қызмет бағытына сәйкес АМД және факультеттердің ұсыныстары негізінде сайланады.

7.8 Әрбір комитетте басшы тағайындалады, ол Комитеттің қызметін, отырыстар өткізуді ұйымдастырады, қажетті құжаттаманы ресімдеу жөніндегі жұмысты үйлестіреді.

Комитеттердің атаулары оның мақсаттарын, міндеттері мен жұмыс бағыттарын анықтайды:

Академиялық сапа жөніндегі комитет:

- білім беру бағдарламаларының тиімділігіне әсер ететін факторларды салыстырмалы талдау мен талдауды ұйымдастыру және жүргізу;
- білім беру бағдарламалары тиімділігінің сапасына ішкі бағалау жүргізу;
- білім беру бағдарламаларының еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкестік дәрежесін анықтау;
- кәсіптік стандарттарға, жаңа кәсіптер атласына және ғылыми-технологиялық даму деңгейіне сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында білім беру бағдарламаларын өзектендіру бойынша ұсынымдар әзірлеу;
- білім беру бағдарламасының траекториясынан ауытқу себептерін талдау, ауытқу жағдайында түзету іс-шараларын жүргізу бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- "С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ" КеАҚ ПОҚ ғылыми зерттеулерінің нәтижелерін енгізу мақсатында білім беру бағдарламаларын жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу;

Сапа менеджменті жүйесі Академиялық кеңес туралы ереже	 SAKEN SEIFULLIN UNIVERSITY	«С.СЕЙФУЛЛИН АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
СМЖ АҚЕ 02.2068 - 2021 15 беттің 9 1-нұсқа		

- білім алушылардың білім беру бағдарламаларын оқыту нәтижелеріне қол жеткізуін талдау және талқылау;

- лицензиялық қызметке қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес профессорлық-оқытушылық құрамға оқу жүктемесінің бөлінуіне ішкі бағалау жүргізу.

Оқу-әдістемелік комитет:

- "С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ" КеАҚ даму стратегиясын әзірлеуге және жүзеге асыруға қатысу;

- нормативтік құқықтық құжаттарды, нормативтік құқықтық актілерді; жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының класификаторын жетілдіру бойынша ұсыныстарды талқылау;

- білім беру бағдарламасы пәндерін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету сапасын бағалау; "С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ" КеАҚ оқу үдерісін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету мәселелерін қарастыру;

- "С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ" КеАҚ факультеттері мен кафедраларында әзірленген оқу-әдістемелік материалдарды басып шығару бойынша ұсыныстар әзірлеу;

- білім беру процесін әдістемелік, ақпараттық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуді жетілдіру, озық білім беру технологияларын, оқытудың жаңа нысандары мен әдістерін енгізу бойынша ұсыныстар әзірлеу;

- еліміздің басқа ЖОО-на "С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ" КеАҚ оқытушылары мен қызметкерлерінің озық әдістемелік тәжірибесін тарату;

- оқу процесін жетілдіруге және педагогикалық қызметкерлерге практикалық көмек көрсетуге бағытталған әдістемелік жұмыстың әр түрлі нысандарын және оқытудың жаңа технологияларын енгізу мәселелерін қарау;

- оқу-әдістемелік жұмысты жетілдіру бойынша семинарлар, конференциялар, кеңестер ұйымдастыру және өткізу.

Академиялық адалдық жөніндегі Комитет:

- Академиялық адалдық фактілері туындаған жағдайда тәуелсіз сараптама жүргізу: көшіру, плагиат, сөз байласу және т.б.;

- білім алушылардың жазбаша жұмыстарын этикалық бағалауға қатысу және студенттік жазбаша жұмыстардың академиялық адалдығы тұрғысынан этикалық сараптаманы ұйымдастыру (UniHub жазбаша жұмыстарды тексерудің автоматтандырылған жүйесі, "ЖОО Антиплагиаты" бағдарламалық қамтамасыз ету);

- ағымдық бағалау барысында және аралық аттестаттау кезінде туындаған академиялық адалдыққа және этикалық нормалардың бұзылуына байланысты даулы мәселелерді қарау;

Сапа менеджменті жүйесі Академиялық кеңес туралы ереже	 SAKEN SEIFULLIN UNIVERSITY	«С.СЕЙФУЛЛИН АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
СМЖ АҚЕ 02.2068 - 2021 15 беттің 10 1-нұсқа		

- білім беру процесіне Академиялық адалдық қағидаттарын енгізу және білім алушылардың этикалық мінез-құлық нормаларын бұзудың алдын алу бойынша іс-шаралар өткізу;

- бұзушылықтар фактісі бойынша комиссия жұмысының нәтижелері бойынша кеңестер өткізу.

Ақпараттық технологиялар комитеті:

- "С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ" КеАҚ академиялық қызметінің сандық трансформациясын өткізу кезеңдерінің мониторингі;

-ІТ қызметтер нарығын және білім беру процесінде цифрлық технологияларды қолдану мүмкіндіктерін талдау;

- сандық студияда жазу үшін тақырыптардың кезектілігі мен дәріс материалдарының сапасы мәселелерін қарастыру.

7.10 АҚ жұмысы академиялық кеңестің отырысында қабылданған және басқарма төрағасының Академиялық қызмет жөніндегі орынбасары - "С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ" КеАҚ ректоры бекіткен жылдық жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

7.11 АҚ отырысы айына кемінде 1 рет өткізіледі.

7.12 АҚ отырысын өткізу үшін кворум Академиялық кеңес мүшелерінің жалпы санының кемінде жартысын құрайды.

7.13 АҚ отырысына қатысушылардың көпшілік даусын алған ұсыныс академиялық Кеңес қабылдаған болып есептеледі. Академиялық Кеңестің шешімін қабылдау үшін қажетті дауыс санын есептеу кезінде қалыс қалғандардың дауыстары есепке алынбайды.

7.14 Академиялық кеңестің отырысы хаттамамен ресімделеді. Академиялық кеңестің отырыстары мен шешімдеріне төраға мен академиялық кеңестің хатшысы қол қояды.

8 Өзгерістер енгізу тәртібі

8.1 Ережеге өзгерістер енгізу тек СБӨ рұқсаты бойынша ғана жүргізіледі және міндетті түрде оның (олардың) қолымен құжатпен ресімделеді. Ереженің өзгертілген нұсқасынан алынған парақтар өзгерістер енгізуге рұқсат беру туралы құжатпен бірге сақталады.

8.2 ҚДСД сақтауға тапсырылған ережеге өзгерістер енгізу СМЖ ҚР 01.1006-2020 талаптарына сәйкес жүргізіледі.


8.3 Ережеге өзгерістерді "Өзгерістерді тіркеу парағына" (В қосымшасы) міндетті түрде белгі қоя отырып, сапа қызметінің маманы енгізеді.

9 Сақтау және тарату

9.1 Бекітілген Ережені (түпнұсқаны) ҚДСД сақтауға беру үшін АҚ хатшысы жауапты болады.

9.2 АҚЕ көшірмелерін сақтау және бөлімшелерге тарату жауапкершілігі ҚДСД-ға жүктеледі.


9.3 АҚЕ "ARTA SYNERGY" электрондық құжат айналымы жүйесінде электрондық форматта тіркеледі және университеттің барлық бөлімшелеріне жіберіледі.


Сапа менеджменті жүйесі Академиялық кеңес туралы ереже	 SAKEN SEIFULLIN UNIVERSITY	«С.СЕЙФУЛЛИН АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
СМЖ АҚЕ 02.2068 - 2021 15 беттің 12 1-нұсқа		

**А Қосымшасы
(анықтамалық)**

Ү. 02.2068-01

**«С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» КеАҚ
академиялық кеңес жұмысының құрылымдық сызбасы**




Сапа менеджменті жүйесі Академиялық кеңес туралы ереже	 SAKEN SEIFULLIN UNIVERSITY	«С.СЕЙФУЛЛИН АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
СМЖ АҚЕ 02.2068 - 2021 15 беттің 13 1-нұсқа		

Б Қосымшасы
(міндетті)

У.01.1011-01

Келісу парағы

Лауазымы	Аты-жөні	Күні	Қолы
СБӨ			
АМД директоры			
АМД бас менеджері			
ҚҚД директоры			


<p>Сапа менеджменті жүйесі Академиялық кеңес туралы ереже</p>	 <p>SAKEN SEIFULLIN UNIVERSITY</p>	<p>«С.СЕЙФУЛЛИН АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ</p>
<p>СМЖ АҚЕ 02.2068 - 2021 15 беттің 14 1-нұсқа</p>		

**В Қосымшасы
(міндетті)**

Ү.01.1011-02

Танысу парағы

Лауазымы	Аты-жөні	Күні	Қолы

<p>Сапа менеджменті жүйесі Академиялық кеңес туралы ереже</p>		<p>«С.СЕЙФУЛЛИН АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ</p>
<p style="text-align: center;">СМЖ АҚЕ 02.2068 - 2021 15 беттің 15 1-нұсқа</p>		

**Г Қосымшасы
(міндетті)**

У.01.1011-03

Өзгерістерді тіркеу парағы

Парақ нөмірі				№ хабарламаның негізінде енгізілген өзгеріс	Өзгерістер енгізген адамның аты-жөні	Өзгерістер енгізген адамның қолы	Өзгерістер күні енгізу
өзгертілген	ауыстырылған	жаңа	жойылған	1	2	3	4